



**№1 (42)
2016**

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.С. Тукиев
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сактағанов
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172) 74-02-06; факс: 8(7172) 74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

«ҚР ЗАҢНАМА ИНСТИТУТЫНЫҢ
ЖАРШЫСЫНА» - 10 ЖЫЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің коллегиясының отырысы туралы, Астана қ., 2016 жылғы 31 наурыз (ҚР Әділет министрлігінің баспасөз қызметі)	5
«Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы» ғылыми-құқықтық журналының 10 жылдығы	6
Конституциялық және әкімшілік құқық	8
А.С. СМАН Әділдік жолында: қазақ мемлекеттілігі және оның мұрасы (тарихи-құқықтық аспекті)	8
Н.М. ПРИМАШЕВ Конституцияның заңдық күші мен құқықтық сапа: өзара тәуелділік диалектикасы	15
Т.М. ТОҚПАЕВА Мемлекеттік органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент транспаренттік және есеп беретін мемлекеттің тиімді компоненті ретінде.....	21
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	27
В.Т. ҚОНЫС Alternative Dispute Resolution in the USA: analysis of main advantages and disadvantages (Америка Құрама Штаттарында дауларды балама жолмен шешу: негізгі артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау)	27
Р.Е. ЖАҚЫПОВ Қазақстан Республикасының еңбек құқығындағы кепілдік төлемнің мәселелері	32
Г.К. САҒИЕВА, Б.Ж. БАЗАРБЕК Экологиялық және кәсіпкерлік заңнамасын жетілдіру аясындағы «экологиялық басқару» және «экологиялық менеджмент» ұғымдарының этимологиясы.....	37
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	40
З.К. АЮПОВА, Д.У. ҚҰСАЙЫНОВ Терроризм және экстремизмнің әлеуметтік-мәдени негіздері және оларды болғызбау туралы мәселесіне	40
Р.А. ОРСАЕВА Кәмелетке толмағандардың топтық қылмыстық құқық бұзушылықтарының ерекшеліктері.....	46
Ж.К. КОЖАНТАЕВА Адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасайтын алаяқтық, сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін иемденіп алу немесе жымқыру ерекшеліктері	53

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	56
М.А. СӨРСЕМБАЕВ ДСҰ мен ЭЫДҰ талаптарына сәйкес Қазақстанның АӨК өнімдерін экспортқа шығарудың және импорттаудың құқықтық мазмұны	56
А.О. БАЛҒЫНТАЕВ, А.Қ. ҚАНАТОВ Қазақстан мен Белоруссияның қылмыстық процесінде ынтымақтастық туралы келісімдер: салыстырмалы талдау	67
Ж.И. ИБРАГИМОВ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының талаптарына сәйкес зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру	73
Құқықтық мониторинг	79
З.Ғ. ҚАЗИЕВ, А.Б. ЕСІМОВА Салалық құқықтық мониторингі: жалпы ұғымы, міндеті және жүргізу мүмкіндігі	79
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА Кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдірудің кейбір мәселелері	84
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	90
М.А. АЙЫМБЕТОВ Заңнама терминдерінің тұрақты тіркестік сипаты	90
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі тауар жиынтықтылығына қатысты заңнамалық және лингвистикалық мәселелер	95
Шетелдік тәжірибе	99
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Д.С. ҚАЖМҰРАТОВА Қылмыстық процеске қатысатын тұлғалардың құзыреттерін құқықтық регламенттеу (салыстырмалы талдау)	99
Жас ғалым мінбері	105
М.Е. ЖҰМАБАЕВА Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету саласында ЭЫДҰ жетекші елдерінің озық тәсілдеріне шолу	105
А.А. ЖАБАЕВА Төрелік келісім дауды шешудің негізі ретінде	109
А.С. НӘБИЕВА, Е.К. АХМЕТОВ Құқықтық мониторингтің заң техникасы: проблемалар және шешу жолдары	113
Н.Р. ӘКІМОВА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы тараптарды татуластыру институтының қазіргі уақыттағы ахуалы	119
М.М. ТАСТАНОВА Маңызды халықаралық құжаттарда берілген бала құқықтары	125
Е.О. МҰХАМЕДЖАНОВ Жаңа Қазақстан Республикасының ҚПК бойынша жедел бөлімшелерінің іздестіру қызметінің құқықтық режимі	130
Н.Н. СҰЛТАНОВ Қазақстанның қылмыстық сот ісін жүргізудің жаңа моделіндегі қылмыстық қудағалаудың ерекшеліктері: қысқаша ретроспективалы шолу мен перспективалық көзқарас.....	134
А.Ж. БҰСЫРМАНОВ Төрелік дауларды шешудің балама құралы ретінде	140
Д. ҚАСЫМОВА Пленарлық отырыс Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының құқық түсіндіру қызметінің субъектісі ретінде	143
Даналық ойлар: Н. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері.....	148



**№1 (42)
2016**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А. С. Тукиев
И.Ш. Борчасвили

Редакционная коллегия:
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

«ВЕСТНИКУ ИНСТИТУТА
ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РК» - 10 ЛЕТ

СОДЕРЖАНИЕ

О заседании коллегии Министерства юстиции Республики Казахстан, г. Астана, 31 марта 2016 года (пресс-служба Министерства юстиции РК)	5
10-летие научно-правового журнала «Вестник Института законодательства Республики Казахстан»	6
Конституционное и административное право	8
А.С. СМАН На пути к справедливости: казахская государственность и ее наследие (историко-правовой аспект)	8
Н.М. ПРИМАШЕВ Юридическая сила Конституции и правовое качество: диалектика взаимозависимости	15
Т.М. ТОКПАЕВА Антикоррупционный менеджмент в государственных органах, как эффективный компонент транспарентного и подотчетного государства	21
Гражданское и гражданско-процессуальное право	27
В.Т. КОНУСОВА Alternative Dispute Resolution in the USA: analysis of main advantages and disadvantages (Альтернативное разрешение споров в США: анализ основных преимуществ и недостатков).....	27
Р.Е. ЖАКУПОВ Вопросы гарантийных выплат в трудовом праве Республики Казахстан	32
Г.К. САГИЕВА, Б.Ж. БАЗАРБЕК Этимология понятий «экологическое управление» и «экологический менеджмент» в контексте совершенствования экологического и предпринимательского законодательства	37
Уголовное право и уголовный процесс	40
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ К вопросу о социокультурных основах терроризма и экстремизма и путях их предотвращения	40
Р.А. ОРСАЕВА Особенности групповых уголовных правонарушений среди несовершеннолетних	46
Ж.К. КОЖАНТАЕВА Особенности мошенничества, присвоения или растраты вверенного чужого имущества, совершаемых лицом с использованием своего служебного положения	53

Международное право и сравнительное правоведение	56
М.А. САРСЕМБАЕВ Правовое содержание экспорта и импорта продукции АПК Казахстана на основе требований ВТО и ОЭСР	56
А.О. БАЛГЫНТАЕВ, А.К. КАНАТОВ Соглашения о сотрудничестве в уголовном процессе Казахстана и Белоруссии: сравнительный анализ	67
Ж.И. ИБРАГИМОВ Совершенствование законодательства в сфере интеллектуальной собственности в соответствии со стандартами Организации экономического сотрудничества и развития	73
Правовой мониторинг	79
З.Г. КАЗИЕВ, А.Б. ЕСИМОВА Отраслевой правовой мониторинг: общее понятие, задачи и возможности проведения	79
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА Некоторые вопросы совершенствования законодательства Республики Казахстан в сфере страхования предпринимательского риска	84
Из практики законодательства на государственном языке	90
М.А. АЙЫМБЕТОВ Фразеологические особенности законодательных терминов	90
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Законодательные и лингвистические проблемы, касающиеся комплектности товара в Гражданском кодексе Республики Казахстан	95
Зарубежный опыт	99
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Д.С. КАЖМУРАТОВА Правовая регламентация компетенций лиц, участвующих в уголовном процессе (сравнительный анализ)	99
Трибуна молодого ученого	105
М.Е. ЖУМАБАЕВА Обзор передовых подходов ведущих стран ОЭСР в сфере защиты и обеспечения прав интеллектуальной собственности	105
А.А. ЖАБАЕВА Арбитражное соглашение как основа урегулирования спора	109
А.С. НАБИЕВА, Е.К. АХМЕТОВ Юридическая техника правового мониторинга: проблемы и пути решения	113
Н.Р. АКИМОВА Современное состояние института примирения сторон в уголовном праве Республики Казахстан	119
М.М. ТАСТАНОВА Права ребенка в значимых международных актах.....	125
Е.О. МУХАМЕДЖАНОВ Правовые режимы розыскной деятельности оперативных подразделений по новому УПК Республики Казахстан	130
Н.Н. СУЛТАНОВ Особенности уголовного преследования в новой модели уголовного судопроизводства Казахстана: краткий ретроспективный обзор и перспективный взгляд	134
А.Ж. БУСУРМАНОВ Арбитраж как альтернативный инструмент разрешения споров	140
Д. КАСЫМОВА Пленарное заседание как субъект праворазъяснительной деятельности Верховного Суда Республики Казахстан	143
Мудрые мысли: максимы и афоризмы Н. Шайкенова	148



*Айымбетов Мәди Айтбенбетұлы,
ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының
НҚА және халықаралық шарттар жобаларына
ғылыми лингвистикалық сараптама секторының
жсетекші ғылыми қызметкері*

ЗАҢНАМА ТЕРМИНДЕРІНІҢ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТІК СИПАТЫ

Сөз - лексикалық бірлік ретінде өміріміздің ереже, қағидасы - заңнама тілінің негізгі әрі басты құралы. Ал сөз құралын заң тілінің өлшеміне орайластыру мәселесінің басты шарты – оның норма жасау үдерісіндегі нақтылығы, яғни заң мәтінінің лексикалық әдеби нормасының дұрыс және айқын болуы. Осы орайда заң тілінің ерекшелігінен сөздің норма шығармашылығы қызметіндегі сипаты, оны қолданудың жолдары туралы мәселе туындайды.

Алдымен бұл ретте заң сөзінің термин мен тұрақты тіркес жасаудағы кейбір ерекшеліктеріне тоқтала кетейік.

Ұғымдық мәні айқын, нормалық жүктемесі нақты терминдік тіркес құқықтық фраземаның негізін құрайды. Осы арада заңдағы тұрақты тіркестердің – құқық фразеологиясының мағыналық ерекшелігін идомдық және метафоралық сипаттағы жалпы фразеологизм семантикасымен шатастырмауымыз керек. Көп жағдайда әдеби-публицистикалық, ғылыми-философиялық фразеологизмге тән тұтастық, тұрақтылық пен тиянақтылық белгілерін құқықтық жүктемесі бар тұрақты тіркестерге телуге болмайды. Мысалы, «қалың бұқара», «қара бұқара» деген фразеологиялық тіркестегі экспрессивтік-эмоционалдық реңкті заңда қолданылатын «халық» сөзіне - «қара» халық, «қалың» көпшілік деп қолдану мүмкін бе?! Немесе қылмыстық заңнаманада қолданылатын «қылмыстық іс қозғалу», «жауапқа тартылу» тіркестерінің жалпы қолданыстағы «істі болды», «істі болу» деген фразеологиялық тіркеспен мағыналық үйлестігі болғанымен, ортақ тиянақтылық белгісі жоқ. Сондықтан жалпы қолданыстағы фразеологиялық тіркесті заңның ресми тіліне көшіруәдетте құқық нақтылығындұрыс бере алмайтындығын да ескеруіміз керек. Осы орайда академик Ісмет Кеңесбаевтың «Қазақ тіліндегі тынақты тіркестер (фразеологизмдер) өз заңдылықтарына сәйкес

өмір сүретін айырықша категория. Олардың әралуан ірілі-ұсақты ерекшеліктері мен айырым белгілерін саралай зерттейтін дербес пән - фразеология» [1] деген анықтамасына ден қоюымыз қажет сияқты. Яғни, Кеңесбаевша айтсақ, тұрақты тіркестердің бәрі бірдей фразеологизм бола бермейді немесе тұрақты тіркестердің фразеологизм болмасқа шарасы жоқ деген қағиданы есте ұстаған абзал.

Лингвист-ғалымдар тұрақты тіркестік терминдердің лексикалық-фразеологиялық қолданылу ерекшелігі жағынан көркем стильге және ғылыми стильге жатқызады. Ал заңдағы тұрақты тіркестік терминдердің бұл тұрғыдағы сипатын тек қана таза ғылыми стильге жатқызып қоймай, мұны құқықтық-ресми стиль тұрғысынан қарастырған дұрыс деп ойлаймыз. Осы ретте заң тұрақты тіркестік терминдерінің түпмәтіндік қолданысы, оның заң мәтінінде нормалық дәлдікпен әрі әдеби норма өлшеміне сай орнығуы және біріздендірілуі заң шығару жұмысының ең өзекті мәселелердің бірі екенін айтуымыз қажет. Бұл процесс заңгерлердің де, лингвист мамандардың да біліктілігін талап етеді.

Қолданысқа енген тұрақты тіркестердің құқық жүйесінде пайда болуы мен олардың функциялық ерекшелігіне қарай құжаттық іс жүргізу және құқықтық жүктемесі бар тіркестер деп екі топқа бөлуге болады.

Мысалы, құжаттық іс жүргізуге қатысты тіркестер «құжаттамалық деректер», «талдау жүргізу», «жүзеге асыру», «іске асыру», «қорытынды жасау», «талап ету», «штат кестесі», «жұмыс өтілі», «бақылауға алу», «бекітуге ұсыну», «қарауға ұсыну», «тағылымдамадан өту», «жазбаша хабарлама», «жазбаша ұсыну», «жалпыға бірдей» және тағы басқа осы сияқты сипатта болатыны белгілі. Ал құқықтық жүктемеге ие тіркестердің санатына «жедел іздестіру», «сыбайлас жемқорлық», «мәжбүрлеу

тәртібі», «құқықтық міндеттеме», «мәміле жасау», «келісімге келу», «бітімгершілік жасау», «келісім жасау», «талап мерзімі», «атқару парағы», «ортақ меншік», «жарғылық капитал», «жария шарт», «талап мерзімінің өтуі», «заңның қолданылу аясы», «заңды тұлға», «жеке тұлға» [5] сияқты бүгінгі таңда заң мәтіндерінде орныққан толып жатқан тағы да басқа тұрақты тіркестерді жатқызуға болады.

Бұдан басқа осы тұрақты тіркестердің түпмәтінде грамматикалық заңдылықпен қолданылу ретіне қарай олардың тұлғалық өзгермелі сипатына, яғни варианттылығына жол берілетінін ескеру керек. Бірақ олардың бұл ретте құқықтық дәлдіктен, әдеби нормадан ауытқымауы басты шарт болуға тиіс. Мәселен, кейбір жағдайларда тұрақты тіркестер мәтінде өз орнында тұрмаса немесе оның бір компоненті дұрыс алынбаса, қаралып отырған мәселенің нормасына нұқсан келеді, әйтпесе мағынасы мүлдем басқаша реңк алады. Мәселен, заң мәтіндерінде көп кездесетін «күнтізбелік бес (он, жиырма, т.б.) күн ішінде» деген тіркес бар, осыны заң жобасын әзірлеушілер «он күнтізбелік күн ішінде» деп орысша мәтінді жолма-жол аударса салады («в течении десяти календарных дней»). Бұл арада аудармашы қазақша сөйлемнің синтаксистік-грамматикалық түзілу ерекшелігін ескермей, «он» деген сан есімді «күнтізбе» сөзіне бағындырып отыр. Ал қазақша сөйлемнің табиғатында бұл тіркес «күнтізбелік он күн». Он күнтізбе емес, бір күнтізбе, ал мәселе сол күнтізбедегі күнтізбелік он күні туралы болып отырғанына лингвист-маман, бұл ретте дәлірек айтсақ аудармашы көңіл аудармайды.

Осындай стилистикалық қателер көп жағдайда заңдағы қазақша тіркестік терминдердің орашалақ, тіпті мүлдем қате болуына, мағынасының бұзылуына әкеп соқтырады. Еңбек заңнамасында еңбек қауіпсіздігіне байланысты қолданылатын «өрескел бейқамдық» деген термин бар, осыны көптеген заң жобаларында лингвист мамандарымыз «дөрекі абайсыздық» деп дөрекі түрде калькалап аударады. Мұның орысшасы – «грубая неосторожность». Бұл арада «абайсыздықтан» гөрі қауіп келтіретін жәйтке «бейқамдық» көрсету деген анағұрлым нақтырақ және мінез-құлыққа қатысты қолданылатын «дөрекі» бейқамдық емес, мейлінше дәл әрі күштірек реңктегі «өрескел» бейқамдық.

Қатар тұрған екі сөздің бір-бірімен тіркестік үйлесуі арқылы мағыналық дәлдікке қол жеткізуге болады десек, мұның түпмәтіндегі қолданылу үйлесіміне де ден қою қажет. «Адал

бәсекелестік» («добросовестный конкурент») деген терминдік тіркестің ізімен Азаматтық кодексте «адал алушы» («добросовестный приобретатель») деген қолданыс пайдаланылған (Жалпы бөлім, 261-бап) [3]. Бірінші жағдайда «адал бәсекелес» тіркесі жатық әрі нақты, ал «адал алушыға» келсек, бұл - орысшаның калькасы. Бұл арада лингвист-маман, біріншіден, тіркестегі сөздердің үйлесіміне мән бермейді, екіншіден, «алушы» сөзінің анықтауышы орысшадағы «добросовестный» сөзінің дұрыс баламалық қолданысы болмай тұр. Дәл осы тіркестегі мұның баламасы – «адал ниетті» болуға тиіс еді. Және «приобретатель» сөзінің нақты мағынасы – жәй ғана «алушы» (получатель) емес, «иеленіп алушы» деген ұғымды беріп тұр.

Азаматтық кодекстің 235-бабында «меншік құқығы көшеді» [3] деген тіркес бар, мұнда да «переходит» деген сөздің түпмәтіндік дұрыс баламасы берілмей, «көшеді» деп жолма-жол алына салынған. Ал мұның дұрысы - «меншік құқығы ауысады» немесе түпмәтіндегі өзгермелі сипатына орай - «меншік құқығының ауысуы». Ана тіліміздегі тұрақты тіркестердің басқа тілмен салыстырғанда өзіне тән баламалық сипатын ескермей қолдану құқық мәтіндеріндегі нормалық қайшылыққа ұрындырады. Мұндай жәйттер әсіресе сот, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамаларында көп кездеседі.

Айталық, «судопроизводство» деген қос сөзден түзелген терминді сот жүйесіндегілер «сот өндірісі» деп алып жүр. «Производство» сөзінің жолма-жол мағынасымен шектелсек, әрине - «өндіріс», бірақ бұл арадағы ұғымдалу – «сот ісін жүргізу» емес пе. Сот мәселесіне өндіріс емес, іс жүргізу тән. Мәселен, осы қылмыстық іс жүргізу саласында «процессуальное производство» деген терминдік тұрақты тіркес бар, мұны «процестік өндіріс» деп алсақ, қойыртпақ болып шықпай ма?!

Осы орайда «процессуальный» терминіне байланысты басы ашылмай жүрген бір мәселе бар. Кезінде «Процессуальный кодекс» - «Іс жүргізу кодексі» [4] деп алынып, заң қолданысына енді. Ал енді қазір осы «процессуальный» терминін аудармау керек деген пікір туындап жүр. Бұл пікірді қолдайтын болсақ, «процессуальное законодательствоны» - «процессуальдық заңнама», «процессуальное положение» - «процессуальдық жағдай» деп калькалық тіркестер жасауға мәжбүр боламыз. Мұндағы «процессуальный» терминін түпмәтіндік қазақша мағынасымен «іс жүргізу» деп қолданудың қандай нормалық қайшылығы бар?!

Бұл арада сотқа байланысты «производство» термині мен «процесс», «процессуальный» терминінің синонимдік болмаса да, ұғымдық жағынан үндестігін ескеріп, қазақшада «іс жүргізу» тіркесі деп алсақ ұтылмаймыз ғой, бұл да ойласатын жәйт. Лексикологияда «полисемия» [2] (сөздің көп мағыналығы) құбылысы деген ұғым бар. Демек, осыған сүйенсек, «іс жүргізудің» бір мағынасы сотқа қатысты «производствоны» бейнелесе, екінші мағынасы - «процесті», «процессуальныйды» бейнелейді. Алайда, бұл термин, өкінішке орай, қолданыстағы заңнамаға «процестік» болып енді («Қылмыстық-процестік кодексі» 04.07.2014).

Тұрақты тіркестік терминдердің ұлттық реңкімен ұштастырып, баламалық сипатта қолданудың мысалдары заң мәтіндерінде жоқ емес, бар: «алқабилер соты» («суд присяжных»), «төрелік сот» (арбитражный суд), «адал бәсекелестік» («добросовестная конкуренция») және т. б. Сонымен қатар калькалық фразема сипатында да қос сөзден, үш сөзден тұратын тіркестердің заң мәтіндерінде алыну заңдылығы ана тіліміздегі құқық фраземасына тән нәрсе екенін айтуымыз керек. Мысалы, «агроөнеркәсіптік кешен», «аграрлық реформа», «аз қалдықты технология», «экологиялық апат аймағы», «аннуитеттік сақтандыру», «аудиттелетін субъект» және т.б. Қоғам дамуының, өмірдің әртүрлі салаларындағы жаңа қоғамдық қатынастардың негізінде заңда жаңа атаулар мен жаңа ұғымдар пайда болады. Осының нәтижесінде енген балама қолданыстардың немесе өзге тілдегі сөз бірліктерінің лексикамыздан орын алуы тілдік қорымыздың кеңеюіне жол ашады. Осының нәтижесін заң мәтіндерінен де айрықша байқауға болады.

Сөзжасамның ұғымдық үйлесім, түбірден туындату, сөздерді тұтастыру, тілдік аралас қолданыс жасау және басқа да тәсілдерімен жаңа терминдік сөз тіркестері пайда болғанының дәлелдері көп. Мысалы, «бейінді оқыту» - «профильное обучение», «еншілес кәсіпорын» - «дочерное предприятие», «родственные фирмы» - «төркіндес фирмалар», «негізгі (бас) компания» - «материнская (родительская) компания», «бас келісім» - «генеральное соглашение», «өлшемшарт» - «критерий» және толып жатқан тағысын-тағылары.

Баламасы сәтті табылған кейбір кәсіби тіркестік терминдерді құқық жүйесінде өз тілімізде орнықтырудан да қашпауымыз керек. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге

болады. Өндірістің, шаруашылықтың әртүрлі салаларындағы қатынастарды реттейтін бірқатар заңдарда «аффилированное лицо» деген терминдік тіркес бар, бұл заң мәтіндерінде «аффилирленген тұлға» деп калькалық сипатында алынып жүрді. Ал бұл сөздің бірлесу, үлестес болу деген мағынасын ескере отырып, «үлестес тұлға» деген жатық та ұғынықты нұсқасын мемтерминком дұрыс бекітті. Сол сияқты «рамочный закон», «рамочное соглашение» терминінің де көп уақыт бойы баламасы табылмай, «шеңберлі заң», «басты заң», «басты келісім» делініп, мағынасы түсініксіз болып, әрқилы қолданылып жүрді. Заң мәтінімен тиянақты редакциялық жұмыс жүргізу барысында бұл терминнің де «негіздемелік заң» деген қазақша нұсқасы орнықты. Терминнің, оның ішінде тұрақты тіркестің қолданысқа енгізілуі, орнығуы көп жағдайда оның мағыналық дәлдігінің, нормалық дұрыстығының ана тіліміздің баламасымен үйлесімді шығуымен байланысты екенін ескеруіміз қажет.

Заң мәтіндерінде әлі орнықпай, әртүрлі қолданылып жүрген «идентификация» деген термин бар, осыны біресе «сәйкестендіру», біресе «бірдейлендіру», тағы бірде «ұқсастыру» деп құқықтық нормасын бұзып, тұрақты тіркестердің терминдік қолданысының ала-құла болуына жол беріп жүрміз. Мұның мағынасы, шынтуайтына келгенде, белгілі бір субъектінің не нысанның өзіне тән деректік, болмыстық сайма-сайлығын, сипаттық белгісін анықтау және белгілеу, яғни сипаттастыру. Демек, «идентификационный номер» тіркесі түпмәтіндік өзгермелі қолданыста «сипаттамалық номер», әйтпесе «идентификация продукции» - «өнімді сипаттастыру» болуы керек. Бірақ мұның өзі де қазақша тіркестік үйлесімді бермейді, сондықтан бұл терминді әу бастағы латындық түбірін сақтап, өз тілімізге ыңғайыластырып «идентификаттау» деп қалдырған абзал.

Заңнама мәтіндерінде «тұрақсыздық айыбы» немесе «тұрақсыздық айыппұлы» деген түсініксіздеу термин көптен бері орын алып келеді. Мұның орысша нұсқасы - «неустойка», ал құқықтық-нормалық анықтамасы: «штраф - айыппұл, пеня - өсімақы» екен. Қазақша мағынасы жолма-жол аударманың тәсілімен - «тұрақсыздық айыбы» деп алына салған. Қандай «тұрақсыздық», ненің «тұрақсыздығы» және неге «айыбы» (былайша айтқанда, «кінәсі»). Құқықтық та, лексикалық-семантикалық та мағына бермейтін жәй бір тіркес демеске лаж жоқ. Жоғарыда айтылған құқықтық-нормалық

түсіндірмесіне, анықтамасына орай, бұл термин жалғыз ауыз-ақ сөзбен айтылатын «айыпақы» деген атауға әбден сұранып тұр, «айыпақымен» де, «өсімақымен» де шатастырмайсыз – осы сипаттағы норманы беретін термин – «айыпақы» («неустойка»)

Сөз бірлігіне, соның қатарында тілдік тұрақты тіркестерге жан бітіретін құбылыс оның қолданыстық жиілігінің артуы. Қолданылмайтын нәрсенің ұмытылатыны, ескіретіні белгілі. Тілдік қолданыс жиілігінің факторы белгілі бір ұғымды нақтылауға, жетілдіруге және біріздендіруге ықпалын тигізеді. Заңның терминдік қолданысындағы тұрақты тіркестердің орнығуы оның құқық саласындағы қызметінің өміршеңдігімен байланысты. Қызмет жасамайтын заңның тілі де өз функциясын дұрыс атқармайды. Осы тұрғыдан келгенде заңның ана тілінде жатық жазылуына, құқықтық норманы дұрыс белгілеуіне қойылатын талаптың маңыздылығы айрықша екенін айтуға тиіспіз.

Тоқ етерін айтқанда, мемлекеттік тілдегі заң мәтіндерінің жазылуында, терминдерге өз тілімізде балама тәржіма жасауда тиянақтай түсетін, жетілдіре түсетін мәселелер баршылық. Заң жобасын әзірлеушілердің мәтінмен жұмыс істеу барысында жіберетін басты ақауы - жолма-жол аударма стандартының жетегінде кетіп, сөзді, терминді, сөз тіркестерін түпмәтіндік қолданысынан бөліп алып пайдалануы. Тұрақты тіркестердің заң мәтіндерінде қолданылу мәселесінде мына сипаттағы басты кемшіліктер тән:

мағыналық бірізділіктің болмауы («қайта құру», «қайта ұйымдастыру» («реорганизация»); терминдердің жолма-жол тәсілмен аударылып берілуі («сөз өндірісі» («судопроизводство»), «адал алушы» («добросовестный приобретатель»), «иелену көнелігі» («срок давности»), «коммуналдық меншікке түсу» («поступление в коммунальную собственность»); «тұрақсыздық айыбы» немесе «тұрақсыздық айыппұлы» («неустойка»);

терминдердің, тіркестердің түп мәтіндік қолданыстағы ерекшеліктерін көп мағыналық

(полисемия) қолданысын («іс жүргізу» (производство) ескермеу.

Ана тілімізде орнықты заң фраземасын қалыптастыру, яғни тұрақты тіркестердің дұрыс қолданылуы мен өз мәнінде орнығуы шығармашылық көзқарасты талап етеді. Ал шығармашылық көзқарас дегеніміз әрбір сөз бірлігінің мәтіндегі қолданылу ерекшелігіне, оның құқықтық нормамен мағыналық үйлестігіне егжей-тегжейі зер салу, керек болса әрбір сөз бірлігі ұғымының этимологиясын, түптамасын зерделеу. Түптеп келгенде өміріміздің әр саласында тілімізді таза қалпында қолданудың іргелі ізденістері – рухани қазынамыз, ата-бабадан, ғасырлар қойнауынан бізге жеткен ұлы да қасиетті мұрамыз тілімізді жаңа кезеңдердің талабымен үйлестіре жетілдірудің аясында жүзеге асырылуы тиіс.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларында, сондай-ақ ұлттық тарихымызға, мемлекеттілігіміздің тарихи дамуының сипаттарына қатысты айтылған келелі де қағидалы сөздерінде тарих сахнасына «Ұлы Дала елі» болып енген елімізде ұлттық құндылықтарымызды сақтаудың айрықша маңыздылығы баса айтылып келеді. Ел бірлігі мен мемлекеттік тұтастығымызды нығайта отырып, халық келешегінің келбетін ұлт ретінде сақтап қалудың Елбасы діттеген осындай тұғырлы міндеттерінің қатарында ана тіліміздің мәртебесін биіктетудің өзекті мәселелері дебар екенін ескерсек, бүгінгі таңда мемлекеттік тілдегі заңнама терминдерін де ұлттық реңкпен қолдана білудің түбегейлі негізін салу - маңыздылығы мен жауаптылығы тұрғысынан аса зор іс.

Тілдік қазынамызды осынау мемлекеттік маңызы үлкен міндеттердің шеңберінде молықтыра отырып дамытудың бірден-бір мақсат – күнделікті жұмысымыздың нәтижесі арқылы ұлттық терминдік қорымызды байыту, балама ұғымды атауларды, тұрақты тіркестік терминдер мен сөз орамдарын заң тіліне қойылатын талап үддесіне сай қолдануға мейлінше ден қою.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. І. Кеңесбаев. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі», 591 б. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1977 ж. - 712 б.
2. Фразеологический словарь русского языка / Под редакцией А. Молоткова. – Москва: «Русский язык», 1987 г. - 543 с.
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) (27.12.1994).
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. (13.12. 1997)

5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. (04.07.2014)

6. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі, Астана, 2015 ж. - 481 б.



Мақалада заңнама тіркестік терминдерінің қолданылуына қатысты кейбір өзекті мәселелері мен құқық фразеологиясының мағыналық ерекшелігі қарастырылады.

Түйін сөздер: заңнама тұрақты тіркестік терминдерінің лексикалық-фразеологиялық қолданылу ерекшелігі.

В статье рассматриваются некоторые актуальные вопросы применения законодательных терминов – устойчивых словосочетаний и значительные особенности правовой фразеологии.

Ключевые слова: особенности лексико-фразеологического применения законодательных терминов - устойчивых словосочетаний.

The article considers some of the topical issues of the application of legal terms set phrases and significant features of the legal phraseology.

Keywords: lexical features idiomatic use of legal terms collocations

Айымбетов Мәди Айтбенбетұлы,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының жетекші ғылыми қызметкері

Заңнама терминдерінің тұрақты тіркестік сипаты

Айымбетов Мәди Айтбенбетұлы,

ведущий научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства

Фразеологические особенности законодательных терминов

Ayymbetov Madi,

Leading researcher of sector of research linguistic expertise of drafts of laws and regulations and international agreements of SI Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

Phraseological peculiarities of legislative terms